«Айдабол ауылының ЖОББМ» КММ бойынша политехникалық бағыты мұғалімдері ӘБ-нің отырысы

**Хаттама №1**

2022 жылдан 29 тамыз
Қатысқандар: 5
Қатыспағандар: жоқ

**Тақырыбы:** «2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік және білім беру қызметін ұйымдастыру»

ӘБ жетекшісі Шекерімов Қ.Т. – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

Хатшы Ерденова А.О.– Көркем еңбек пәнің мұғалімі.

**Күн тәртібінде:**

1. Политехникалық ӘБ мұғалімдерінің 2021-2022 оқу жылы атқарған жұмыс бойынша есеп және 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. ҚР – ның жалпы білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы нұсқаулық-әдістемелік хатты зерттеу және талқылау.
3. Пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын талқылау және мақұлдау.
4. Өткен оқу жылында оқушылардың білім сапасын талдау.
5. 2022-2023 оқу жылына ӘБ жетекшісін таңдау.
6. Әртүрлі.

**Тыңдалды:**

1. Бірінші сұрақ бойынша Шекерімов Қ.Т. политехникалық ӘБ-нің жетекшісі сөз сөйледі. Политехникалық ӘБ-нің мұғалімдерді 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. 2022-2023 оқу жылына политехникалық ӘБ-нің жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар мұғалімдердің өз білімін жетілдіру тақырыптары бекітілді:
   Шекерімов Қ.Т. – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі *«Оқушылардың білік-дағдыларын ойын технологиясын пайдалану арқылы дамыту және қалыптастыру»;*
   Жилкайдаров А.К. – - *«Системный подход к образовательному, воспитательному и оздоровительному потенциалу обучающихся на занятиях физической культуры»;*
   Бехтгольд М.А. – «*Развитие познавательной и творческой активности учащихся*

   *на уроках хуложественный труда»*

   Байконуров К.И. – *«Связь теории с практикой»;*
   Ерденова А.О. – *«Балалардың шығармашылық қәбілеттерін қалыптастыру»*
2. Екінші сұрақ бойынша Шекерімов Қ.Т.. сөз сөйледі. Мұғалімдерді 2022-2023 оқу жылында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы нұсқаулық-әдістемелік хатпен таныстырып, талқылады.

3. Үшінші сұрақ бойынша Шекерімов Қ.Т. сөз айтты. Үйірмелердің тақырыптары талқылап, бекітілді:
4. Төртінші сұрақ бойынша ӘБ-нің жетекшісі Шекерімов Қ.Т. мұғалімдерді өткен жылының оқушылардың білім сапасымен таныстырды (100%).
5. Үйірме «Қазақ күресі»2-8сыныптар Шекерімов Қ.Т.
«Волейбол» 5-11сыныптар Жилкайдаров А.К.

6. ӘБ-не кіретін мұғалімдер 2022-2023 оқу жылына политехникалық ӘБ-нің жетекшісі Шекерімов Қ.Т. дене шынықтыру пәнінің мұғалімін бірауыздан таңдады.

**Шешімі:**

1. Мәлімет мұғалімдердің назарларына алынсын. 2022-2023 оқу жылына арналған
2. Ұсынған мәлімет назарларына алынсын.
3. 2022-2023 оқу жылы1-11 сыныптарға арналған үйірмелердің тақырыптары бекітілсін.
4. Ұсынған мәлімет назарларына алынсын.
5. 2022-2023 оқу жылына политехникалық ӘБ нің жетекшісі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Шекерімов Қ.Т. таңдалсын.

ӘБ жетекшісі: Шекерімов Қ.Т..
Хатшы Ерденова А.О.

«Айдобол ауылының ЖОББМ» КММ бойынша политехникалық бағыты мұғалімдері ӘБ-нің отырысы

**Хаттама №2**

2022 жылдан 7 қараша
Қатысқандар: 5
Қатыспағандар: жоқ

**Тақырыбы:**«Қазіргі заманғы сабақ оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және олардың иөзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау үшін негізгі болып табылады»

ӘБ жетекшісі Шекерімов Қ.Т – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

Хатшы Ерденова А.У. – Көркем еңбек мұғалімі

**Күн тәртібінде:**

1. «Проектная деятельность учащихся» тақырыбы бойынша баяндама - Бехтгольд
2. 1 тоқсан бойынша білім үлгерімі мен білім сапасы – ӘБ жетекшісі.
3. Портфолио мұғалімнің кәсіби дамуын бақылау құралы ретінде – ӘБ мүшелері.
4. Әртүрлі.

**Тыңдалды:**

1. Бірінші сұрақ бойынша Бехтгольд М.А. «Проектная деятельность учащихся» тақырып бойынша баяндамаларды оқыды.
   - Қазақстанның орта білім жүйесінің алдына бүкіладамзаттық құндылықтар , ұлттық рухани мұралар, адамгершілік пен ізгілік , елжандылық тұғырнамасында қалыптасқан , тәні және сұлу ,өзіне-өзі сенімді, ғылыми- теориялық білімділігі мен қабілеттері арқылы күрделі әлемдік , өмірлік әрі әлеуметтік кеңістікке еркін ене алатын қасиеттерге ие дарынды тұлға тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Қазіргі әлеуметтік - экономикалық жағдайда кәсіби жетістікке жалпы және арнайы қабілеттілік , білімділік , шығармашылық арқылы ғана жетуге болады. Сондықтан ата- аналардың , мұғалімдердің алдында жаңа міндет тұр: балалардың жеке қабілеттілігін, бейімділігін анықтау және оны дамыту ,соның негізінде олардың болашағына бағыт беру.Осы аталған мәселенің өзектілігі соншалық, жеке тұлғаның дарындылығын дер кезінде анықтап, оған қолдау көрсету аса дәлелдеуді қажет. Елбасы Н.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер –бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай , тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде б болады,яғни тәрбиенің түпкі мақсаты- қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси- және рухани дағдарыстарында жеңіп шыға алатын, ізгілігімен XXI ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру» деп тұжырым жасағаны бекерден бекер емес.
   Абай атамыздың сөздері:

- Оқушының алған білімін өмір сүруіне пайдалана алуына дайындау;
- Оқушыларда өз бетінше танып-білу дағдыларын қалыптастыру;
- Ақпаратты жинақтау, талдай білу, іріктеу және пайдалана алуға үйрету,
- Зерттеу, болжам жасау, қорытынды мен шешім қабылдау қабілеттерін дамыту;
- Мақсатқа жете білетін азамат тәрбиелеу;

2. Екінші сұрақ бойынша ӘБ нің жетекшісі мен мүшелері 1 тоқсан бойынша білім сапасын талқылады.

- Білім сапасы мен білім үлгерімі политехникалық бағыты бойынша 100% құрайды, және де ол пайыз өзгерген жоқ. Осы бағыт бойынша оқушылар жақсы білімдерін көрсетіп келе жатыр, оны дәлелдейтін мұғалімдердің тоқсан бойынша есептері.

3. Үшінші сұрақ бойынша ӘБ нің жетекшісі Шекерімов Қ.Т ӘБ нің мүшелерін портфолио бөлімдерімен таныстырды, және де үлгі ретінде өз портфолион көрсетті.
4. ӘБ нің мүшелері үйірмелердің жұмысы атқарғанын туралы әңгімелесті.

**Шешімі:**

1. Әр сұрақтар бойынша тыңдаған мәлімет мұғалімдердің назарларына алынсын, және әр мұғалімнің портфолиосы тек қана ережелер бойынша құрастырылсын.

ӘБ жетекшісі: Шекерімов Қ.Т

Хатшы: Ерденова А.У.

«Айдабол ауылының ЖОББМ» КММ бойынша политехникалық бағыты мұғалімдері ӘБ-нің отырысы

**Хаттама №3**

2023 жылдын 04 қаңтар
Қатысқандар: 5
Қатыспағандар: жок

**Тақырыбы:** «Политехникалык цикл пәндерінің оқытудағы жаңа педагогикалык технологиялар»

ӘБ жетекшісі Шекерімов Қ.Т. – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

Хатшы Ерденова А.О. – Көркем еңбек мұғалімі.

**Күн тәртібінде:**

1. «ҚР нің 1-11 сынып оқушыларының жаңартылған технологиялары» тақырып бойынша баяндама - Жилкайдаров А.К
2. «АКТ көмегімен сабақты модельдеу» шеберлік – Байконуров К.И.
3. 2 тоқсандағы (жартыжылдық)көрсеткіштер мен білім сапасын талдау.
4. Әртүрлі.

**Тыңдалды:**

1. Бірінші сұрақ бойынша Жилкайдаров А.К. «ҚР нің 1-11 сынып оқушыларының жаңартылған технологиялары» тақырыпта баяндама оқыды.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері
- Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі;
- Оқытудың тәрбиелік әулетін арттыру, оқушының адамгершілік – рухани қасиеттерін қалыптастыру;
- Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
- Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою

- Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында
" ортақ тақырыптардың"
берілуі;
- Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыпттастыруға назар аударылуы
- Оку үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру:
- Оқытудағы жүйелі әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу)

2. Екінші сұрақ бойынша «АКТ көмегімен сабақты модельдеу» Байконуров К.И. шеберлік өткізді.

- Сабақта АКТ-ны тиімді қолдану жолдары деп таңдап алдым. Себебі 7 модуль негізінде оқыту бойынша сабақ барысында үнемі АКТ мен жұмыс жасау керекпіз. Көптеген мұғалімдер, соның ішінде жас мамандар сабақ кезінде АКТ-ны тиімді қолдану барысында қателіктер жиі жіберіп жатады. Негізгі мақсатым әріптестерімен қазіргі қарқынды өзгеріп келе жатқан әлемде кәсіби дамуға қолдау көрсету, АКТ-ның тиімділіктерін өз тәжірибелеріне үнемі пайдалануға жетелеу. Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі-оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Осындай аса қажетті технологиялардың бірі акпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

АКТ - ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ - ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру үрдісінің қарқынды дамуы жан - жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.
Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары: интерактивті тақта, мультимедия, интернет кеңістігі, электронды оқулықтарды жатқызамыз.
Баланың ойлау қабілетін дамытуға бағытталу, яғни елестету, салыстыру, байқағыштық жалпыдан негізгіні айыра алу, ұқсастықты табу қасиеттерін дамытады.Компьютерлік технологияны пайдалана отырып дарынды, орташа және үлгерімі төмен оқушыға сабақты ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік туғызу мүмкіндік береді.Оқушының есте сақтау қабілетін арттырады.

3. Үшінші сұрақ бойынша 2 тоқсандағы (жартыжылдық) көрсеткіштер мен білім сапасын ӘБ нің мүшелері талдады.

**Шешімі:**

1. Әр сұрақтар бойынша тыңдаған мәлімет мұғалімдердің назарларына алынсын.

ӘБ жетекшісі: Шекерімов Қ.Т

Хатшы: Ерденова А.У